6 ТДМ міндеттер

6.1 2030 жылға қарай барлығы үшін қауіпсіз және арзан ауызсуға жалпыға бірдей және тең құқылы қол жетілділікті қамтамасыз ету

6.2 2030 жылға қарай тиісті санитариялық-гигиеналық құралдарға жалпыға бірдей және тең құқылы қол жетілділікті қамтамасыз ету және қауіпті жағдайдағы әйелдер мен қыздардың және адамдардың қажеттіліктеріне ерекше назар аудара отырып, ашық дефекацияны тоқтату

6.3 2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтар төгіндісін жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдар шығарындыларын барынша азайту, тазартылмаған ақаба сулар үлесін екі есеге қысқарту және бүкіл әлемде ақаба сулардың кері айналымы көлемін едәуір арттыру және қауіпсіз қайта пайдалану арқылы судың сапасын көтеру

6.4 2030 жылға қарай барлық секторларда суды пайдалану тиімділігін едәуір жоғарлату және судың жетіспеушілігі проблемасын шешу үшін тұщы суды орнықты түрде алу мен беруді қамтамасыз ету және судың жетіспеушілігінен зардап шегуші адамдар санын барынша қысқарту

6.5 2030 жылға қарай барлық деңгейлерде, соның ішінде қажет болған жағдайда трансшекаралық ынтымақтастық негізінде су ресурстарын кешенді басқаруды қамтамасыз ету

6.6 2020 жылға қарай сумен байланысты экожүйелерді, соның ішінде тауларды, ормандарды, сулы-балшықты жерлерді, өзендерді, су тұтқыш қабаттар мен көлдерді қорғау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету

6.a 2030 жылға дейін беттік ағымды жинау, суды тұщыландыру, оны пайдалану тиімділігін арттыру, ағын суларды тазарту және қайта айналу және қайта пайдалану технологияларын қолдануды жүзеге асыруды қамти отырып, сумен қамтамасыз ету және тазалық сақтау саласындағы қызметті және бағдарламаларды жүзеге асырудағы дамушы елдердің әлеуетін нығайту ісіндегі халықаралық ынтымақтастық пен қолдауды кеңейту

6.b Су шаруашылығы мен санитарияны жақсартуға жергілікті қауымның қатысуын қолдау және нығайту

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 6.1, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.b